

# Бағамдық айырмашылық бойынша ақпарат

**Бағамдық айырмашылық** — бұл төлем сәті мен қаражат есептен шығарылған немесе аударылған сәт арасында валюта бағамының өзгергені үшін сомадағы айырмашылық. Ол шетел валютасындағы операциялар кезінде туындайды.


## Бағамдық айырмашылық неге пайда болады


Валюта бағамы күн сайын өзгереді


Төлем мен есептен шығару әртүрлі күндері жүргізілуі мүмкін

Әртүрлі болатын төлем жүйесі мен банк қағамдары қолданылады

## Бағамдық айырмашылық қашан болуы мүмкін

 Халықаралық аударымдар

 Шетелде немесе шетелдік интернет-дүкендерде тауарлар мен қызметтерді төлеу

 Шот валютасынан басқа валютада картамен есеп айырысу

## Карта бойынша есептен шығару қалай қалыптастырылады

Операцияға үш валютаға дейін қатыса алады:

Операция валютасы — қолма-қол ақшаны сатып алу немесе шешіп алу валютасы

Есеп айырысу валютасы (биллинг) — төлем жүйесінің есеп айырысу валютасы

Карта шоты валютасы — сіздің карталық шотыңыз ашылған валюта

## Есептен шығару қалай жүргізіледі

Егер операция валютасы  $\neq$  есеп айырысу валютасына  $\rightarrow$  төлем жүйесінің бағамы бойынша айырбастау

Егер есеп айырысу валютасы  $\neq$  шот валютасына  $\rightarrow$  Банк бағамы бойынша айырбастау

Нәтижесінде бір немесе екі айырбастау мүмкін

Егер валюталар қандай да кезеңде сәйкес келсе – айырбастау жүргізілмейді

## Қорытынды сомаға не әсер етеді

- валюталық бағамдардың ауытқуы
- төлем жүйесінің бағамы
- Банктің ішкі бағамы
- нақты есептен шығару күні

## Бағамдық айырмашылықтың әсерін қалай азайтуға болады

- Төлем елінің валютасындағы картаны пайдалану
- Мультивалюталық картаны қарастыру
- Банктің айырбастау талаптарымен танысу
- Қорытынды сома сатып алу сомасынан өзгеше болуы мүмкін екендігін ескеру

### № 1 Мысал

Төлем картасы шотының валютасы - KZT

Шығыс операциясының валютасы - GBP

Сіз Ұлыбританиядасыз және онда теңгедегі картамен төлем жасайсыз. Бұл жағдайда келесі айырбастау жүзеге асырылады:

1. Операция валютасы  $\rightarrow$  есеп айырысу валютасы: GBP  $\rightarrow$  USD.
2. Есеп айырысу валютасы  $\rightarrow$  карта шотының валютасы: USD  $\rightarrow$  KZT.

### № 2 Мысал

Төлем картасы шотының валютасы - USD

Шығыс операциясының валютасы - EUR

Сіз Голландиядасыз (еуроаймақ) және доллардағы картамен төлем жасайсыз. Бұл жағдайда келесі айырбастау жүзеге асырылады:

1. Операция валютасы  $\rightarrow$  есеп айырысу валютасы: EUR  $\rightarrow$  USD .
2. Есеп айырысу валютасы  $\rightarrow$  карта шотының валютасы: USD – USD (айырбастаусыз).